

**«ҚАЗАҚ ТІЛІ ОҚЫТУШЫЛАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ»  
ЖАЛПЫ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ  
№1 ХАТТАМАСЫ**

**Астана қаласы, «26» қазан 2017 ж.**

**Жиналысқа қатысушылар:**

1. Қадиша Даирова
2. Юлай Шамилоғлы
3. Айгүл Ісімақова
4. Зәуреш Ерназарова
5. Күлзия Пірәлі
6. Фазира Какжанова
7. Шерубай Құрманбайұлы
8. Анар Салқынбай
9. Әзімхан Ыбырайым
10. Арай Жүндібаева
11. Жарқынбике Сүлейменова
12. Меруерт Иманқұлова
13. Айдос Садуақасов
14. Зейнехан Күзекова
15. Гүлтас Құрманбай
16. Мейрамгүл Құсайынова
17. Эльмира Оразалиева
18. Гүлнар Омарбекова
19. Бақыт Ақбұзауова
20. Саркыт Әлісжан
21. Жанар Әбдіғаппарова
22. Зейнеп Жұматаева
23. Жанар Байтелиева
24. Меруерт Ибраева
25. Самал Әбжанова
26. Ермек Адаева
27. Жазира Ағабекова
28. Сәуле Мұсабекова
29. Айдын Жүнісханов
30. Күлән Көпеш
31. Гүлжәмила Шалабаева
32. Раушан Мырзабекова
33. Хенрик Янковский (Познань, Польша)
34. Юлиан Рентьшс (Майнц, Германия)

**Бірлестіктің атауы:** «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» (әрі қарай - Бірлестік)

**Өткізілу орны:** Назарбаев Университеті

Жиналыстың Төрағасы ретінде Назарбаев Университеті, Студенттер ісі және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Вице-Президент Қадиша Даирова сайланды.

Жиналыстың хатшысы ретінде Назарбаев Университеті, Қазақ тілі және түркітану кафедрасының қауымдастырылған профессоры Мейрамгүл Құсайынова сайланды.

Жиналыстың Төрағасы жалпы жиналысына Бірлестік бастамасын көтерген қазақ тілі оқытушылары толық қатысып отырғанын мәлімдеді.

Төраға келесі үлгіде күн тәртібін ұсынды:

### **Күн тәртібі:**

1. Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігін құру туралы.
2. Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігі Жарғысын бекіту.
3. Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің құрылымын бекіту.
4. Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің Құрылтайшылар кеңесін сайлау.
5. Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің Президентін сайлау.
6. Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігінің мекенжайын нақтылау.
7. Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеуінен өткізуге жауап беретін жеке тұлғаларды анықтау.

**Дауыс беру нәтижесі:** бірауыздан

**Қабылданған шешім:** күн тәртібін бірауыздан қабылдау

**1-мәселе бойынша** Төраға Қадриша Даирова Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігін (әрі қарай – *Бірлестік*) ашу мәселесінің 2016 жылғы 24-25 қараша күндері Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай Назарбаев Университетінде өткізілген «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты Халықаралық симпозиум жұмысы нәтижесінде қолға алынғанын атап өтті. Қазақ тілін оқыту сапасын көтеру және оның әдістемелік мәселелері бойынша тәжірибе алмасу мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатын көздеген бұл Бірлестіктің алдында қазақстандық және халықаралық модельдерді сабақтастыру міндеттері тұрғанын Вице-президент баса атап өтті.

**Төраға Қадриша Даирова:** Бірлестіктің мақсат-міндетімен және құқықтық негіздерімен таныстыру үшін сөз Қазақ тілі және түркітану департаментінің қауымдастырылған профессоры Э. Оразалиеваға беріледі.

**Эльмира Оразалиева,** филология ғылымдарының докторы, НУ қауымдастырылған профессоры: Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойына орай Назарбаев Университетінде өткізілген «Мәңгілік елдің мәңгілік тілі» атты Халықаралық симпозиум жұмысы нәтижесінде құрылған Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі */әрі қарай Бірлестік/* мемлекеттік емес қоғамдық ұйым болып табылады. Қазақ тіліндегі қысқартылған нұсқасы – **ҚТОХБ**. Орыс тіліндегі аудармасы – Международное объединение преподавателей казахского языка – **МОПКА**. Ағылшын тіліндегі нұсқасы – International Community of Teachers of Kazakh Languages – **ICTKL**.

2016 жылғы қараша айынан бастап, бірлестік құру мақсатын жүзеге асыру бағытында төмендегідей жұмыстар атқарылды:

- 1) Тілдерді оқыту, зерттеу бағытында құрылған бірлестіктердің тәжірибелері зерттелді.
- 2) 2017 жылғы 10 ақпанда Назарбаев Университетінде Ұйымдастыру комитетінің бірінші отырысы өтті.
- 3) Бірлестіктің мақсат-міндеттері мен стратегиялық бағыттары талқыланып нақтыланды.
- 4) Шет елдерде дәріс беріп жүрген қазақ тілі оқытушыларымен байланыс орнатыла басталды. Өзекті мәселелер талқылауға салынды.
- 5) Бірлестіктің жұмысын қамтамасыз ету мақсатында сайт және электрондық пошта ашылды:

- 6) Назарбаев Университеті Заң департаментімен бірлесе отырып, Жарғы жобасы дайындалды.
- 7) Жарғыны бекіту мақсатында Қазақ тілі мен түркітану департаментінің ұйымдастыруымен конференция мен оның аясында Бірлестіктің жалпы жиналысы өз жұмысын бастады.

**Анар Салқынбай,** Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті: Назарбаев Университетінің бастамасымен құрылып отырған «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» бүгінгі күні Қазақстан үшін аса қажет те маңызды мәселе болып табылады. Елбасының рухани жаңғыру бағдарламасы аясында бұл мәселенің өзектілігі артып отыр. Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесін көтеру, оның қоғамдық-әлеуметтік қолданысын кеңейту, оқыту әдістемесін жетілдіру, тіл мамандарының біліктілігін арттыру – бүгінгі күннің талабы мен қажеттілігі. Бірлестіктің шешетін мәселелері аса маңызды.

**Дауыс беру нәтижесі:** бірауыздан

**Қабылданған шешім:** Бірлестік құру шешімі бірауыздан қабылдансын.

**2-мәселе бойынша Төраға Қадияша Даирова:** Бірлестіктің Жарғысы, оның құрылымы мен іске асыратын мәселелері туралы ақпарат алу мақсатында, алдарыңызға Жарғы жобасы дайындалып таратылды. Эльмира Нұрланқызы сіздерге жоба негізінде түсініктемелер беріп өтеді. Сұрақтарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, талқылауға дайынбыз.

**Эльмира Оразалиева:** Алдарыңызға таратылған Жарғы жобасына сәйкес, бірлестіктің қарастыратын мәселелері мен оның құрылымдық жұмыс істеу бағытын нақтылап алсақ. Бірлестіктің мақсаты – болашаққа бағдарланған қазақ тілі мәселелерінің ғылыми-теориялық, педагогикалық қорын нығайту және тарату, әлемдегі тілдік білім берудің халықаралық үздік тәжірибелерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

Бірлестіктің міндеттері:

- ✓ Қазақ тілінің рухани жаңғыру мен ұлттық жадының тұғыры ретінде оқытылу, зерттелу бағыттары мен бағдарларын кеңейту.
- ✓ Қазақ тілін оқыту бағытында Қазақстан Республикасының жоғарғы оқу орындарымен бірігу, байланыс орнату.
- ✓ Қазақ тілін оқыту саласы бойынша Орталық Азия, Қытай, Жапония, Корея, Ресей Федерациясы, Түркия, Еуропа, Солтүстік Америка және тағы басқа әлем елдерінде қызмет етіп жүрген қазақ тілі оқытушыларын біріктіріп, өзара ынтымақтастықты дамыту.
- ✓ Дүние жүзі қазақ және түркі тілдері оқытушыларының халықаралық қарым-қатынастарын нығайту мақсатында түркі тілдерін оқыту сапасын арттыруға бағытталған кәсіби ұйымдармен, Американдық түркі тілдері оқытушыларының қауымдастығымен (ААТТ), Түркиялық Türkçe Öğretim Merkezleri (TÖMER), Юнус Емре институтымен және оның филиалдарымен, түркі тілдерін оқытуды дамытуға бағытталған халықаралық ұйымдармен ынтымақтастықты арттыру.

- ✓ Қазақ тіл білімі, елтану, тілдерді оқыту және салыстыра-салғастыра талдау бағытында ғылыми зерттеулер жүргізу, ғылымаралық байланысты нығайта отырып, пікір алмасу, халықаралық ғылыми жобаларға қатысу, бірлескен зерттеу жұмыстарын жүргізу.
- ✓ Тілдік білім беру саласындағы оқыту әдістемелері мен инновациялық технологиялардың соңғы жаңалықтарын жинақтау, тарату және өзара тәжірибе алмасу.
- ✓ Тілдік білім беру саласындағы оқыту әдістемелері мен инновациялық технологиялардың соңғы жаңалық-тарын жинақтау, тарату және өзара тәжірибе алмасу.

Бірлестіктің мақсат-міндеттерін нақтылау бағытында атқарылатын жұмыстар шеңберінде 4 стратегиялық бағыт ұсынылып отыр. Олар: 1) Қазақстан Республикасындағы және шетелдегі қазақ тілін оқыту мәселелерін жүйелеу; 2) Қазақстандағы және халықаралық деңгейдегі қазақ тілінің ғылым нысаны ретінде зерттелуін жүйелеу; 3) қазақ тілінің түркі тілдерімен байланысу бағыттарын нақтылау; 4) қазақ тілін оқыту бағдарламасын ұлттық рухани жаңғыру негізі ретінде дамыту.

**Төраға Қадриша Даирова:** Осы және өзге де мәселелерді жүйелеу мақсатында, алдарыңызға таратылған Жарғы нұсқасы бойынша талқылауды бастасақ. Нақты ұсыныстарыңыз бен толықтыруларыңыз болса, сөз кезегі өздеріңізде.

**Зәуреш Ерназарова,** филология ғылымдарының докторы, профессор, КИМЭП Университеті (Алматы): Жыл сайын Назарбаев Университетінде өтетін ғылыми конференцияларға қатысу дәстүрге айнылған. Алғаш не орталық, не бірлестік құру мәселесін де біз осыдан бірнеше жыл бұрын профессор З. Күзековаға арналған ғылыми-практикалық конференция аясында көтерген болатынбыз. Бұл – қажет бастама. Оның халықаралық деңгейде кеңейіп жатқаны да қуантады. Енді жарғыға келетін болсақ, бірнеше ұсыныстарымыз бар. Біріншіден, қазақ тілін оқыту мәселесі, ең алдымен, Қазақстан үшін маңызды екенін ескеру керек. Бұл жерде оның бірінші тіл ретінде де, екінші тіл ретінде де оқытылуы ескерілу керек. Деңгейлік қазақ тілі бойынша да мәселелер көп. Әр деңгейдің лексика-грамматикалық минимумын да нақтылау керек. 1-11 сынып оқушыларына арналған лексика-грамматикалық минимум стандарты жасалды. Осындай жұмысты жоғары оқу орындары үшін де жасау керек. Қазақ тілінің мәртебесін өз елімізде көтеру аса маңызды. Екіншіден, қазақ тілін оқыту процесінде іскерлік қарым-қатынасқа да баса назар аудару керек. Үшіншіден, Жарғыда көрсетілген ғылыми-теориялық және педагогикалық деген ұғымдармен қатар, лингводидактика деген терминнің қолданысқа енуі аса маңызды. Бұл термин қазіргі тіл оқыту жүйесінде жиі қолданылады және ұғымдық өрісі де кең. Төртіншіден, бүгінгі жоғары оқу орындарында қазақ тілін оқыту мәселесі мектептермен тығыз байланысты екенін де естен шығармауымыз керек. Қазіргі тіл оқыту технологиялары мен әдістемесінде мектеп мұғалімдері, оның ішінде Назарбаев зияткерлік мектептері әлде-қайда алдыға кетті десек те болады. Мектеп мұғалімдері меңгерген инновациялық технологиялар жоғары деңгейде, мазмұны жағын алмасақ та, оқыту амал-тәсілдері жақсы дамыған. Келесі кезекте, Жарғы көлемінде қандай ғылым саласы қамтылатынын да анықтаған дұрыс болар. Әлеуметтік лингвистика бола ма, когнитивтік лингвистика бола ма, әлде функционалды грамматикаға сүйенесіздер ме. Қазір біздің бастамамызбен қазақ тілінің әр деңгейдегі лексика-грамматикалық минимумы бойынша стандарт дайындалды. Оқулықтар жасалып жатыр. Барлығын жүйелеу керек.

**Айгүл Ісімақова**, филология ғылымдарының докторы, профессор, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы): Бірлестіктің мақсаты қазақ тілі оқытушыларын біріктіру болғандықтан, Жарғыда барлық жерде оқытуды алға шығару керек деп есептейміз. Оқыту, сосын зерттеу болғаны дұрыс.

**Күлзия Пірәлі**, филология ғылымдарының докторы, профессор, М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты (Алматы): Қазақ тілінің әуеніне. Тіліне қызығушылық жоғары. Бірде 2014 жылы Толстой конференциясына барғанымызда, орыс тілінде баяндама жасауға дайындалып жатқан кезімізде, сіздер өз тілдеріңізде баяндама жасасаңыздар деген ұсыныс түсті. Қазақ тілінің өз даму бағыты мен мүмкіндігі ерекше. Осында тіл білімі саласында отырған мамандар бар, олардың қазір оқу құралдары мен оқулықтары шығып жатыр. Бірлестік міндеттері арасында сол оқулықтарды тарату, таныстыру мәселелері қойылса, дұрыс болар еді.

**Фазира Какжанова**, қауымдастырылған профессор, Е. Букетов атындағы ҚарМУ: Бір риторикалық сұрақ қойғым келіп отыр. Қазір адамдар қазақ тілінде еркін сөйлеп кетіп жатқан жоқ. Методика дұрыс емес пе, оқулықтар жоқ па – білмеймін. Көп кітаптар жалпақ қазақ тілінде жазылады, сұрыптау жоқ. 100% оқытушылар десек, олардың 50%-ы педагогтар. Дегенмен, әлі стандарт жоқ.

**Зәуреш Ерназарова**, филология ғылымдарының докторы, профессор, КИМЭП Университеті (Алматы): Қазір сыртта оқытылып жатқан қазақ тілінің жағдайы бөлек. Бұл – жеке мүдделерімен жүрген адамдар. Қазақ тілі Қазақстанда ғана жүзеге асады. Білім және ғылым министрлігінің тапсырысымен, үлкен тапсырысымен 2017 жылы 1-11 сыныптарға арналған қазақ тілінің лексика-грамматикалық минимумы жасалды. Стандарт бар, стандарт жасалды. Мен сол стандарт авторларының бірі ретінде бұл мәселені анықтап айтуым керек. Қалыптастыруға дайындық керек. Уақыт керек.

**Шерубай Құрманбайұлы**, филология ғылымының докторы, профессор, ҚР ҰҒА-ның корреспондент мүшесі, «Астана» Халықаралық қаржы орталығы (Астана): Қазақстан бойынша ғылыми-зерттеу орталықтары, ұйымдар бар. Сол бардың үстіне тағы бір қоғамдық ұйым құрылып жатыр екен. Оның үстіне беделді Назарбаев Университетінде құрылып жатыр екен. Бұл – қуантарлық жағдай. Жұмыстың ұйымдастырылуы бойынша ойларымыз да бар. Солармен таныстыруға рұқсат етіңіздер. Жаңа әріптестеріміз дұрыс айтып жатыр, мақсаттар нақтылану керек. Ғылыми-теориялық деген мәселелерді шығарып жатырсыздар, ол үшін ғылыми жақсы база, кітапхана керек, кафедра құрамы ескерілу керек. Бұл ретте ҚазҰУ бар, Абай атындағы ҚазҰПУ да тұр. Кеңірек қамтыған да дұрыс, қатты құлаш жайған да қалай болады. Екіншіден, ведомствалық мүдде деген ұғым бар, сондықтан сіздерге барлық жоғары оқу орындарымен, олардың ректорларымен байланысып, үйлестіру жұмысын жүргізу керек. Дамудың барлығы мемлекеттік тіл саясатымен байланысты екені рас. Тағы бір мәселе, мүдде тоғысында барлық жоғары оқу орындарының мүдделері ескерілу керек.

**Айдос Садуақасов** Саяси ғылымдарының кандидаты, Жоғарғы Сот(Астана): Қазақ тілі бірлестігін құрып жатыр екенсіздер. Жарғы мазмұнына қарасам, бұл жерде зерттеу бойынша да біраз мәселелер бар екен. Негізі, қазақ тілін тек оқытушылар ғана емес, зерттеушілер де дамытады ғой, сондықтан менің ұсынысым бар. Атауына оқытушылармен қатар зерттеушілерді де қоссаңыздар.

**Хенрик Янковский**, профессор, Адам Мицкевич университеті, (Познань, Польша): Қазақ тілінің болашағы сіздердің қолдарыңызда. Ең алдымен, қазақ тілінің мәртебесі, мемлекеттік тіл ретіндегі мәртебесі өте маңызды. Соған назар аударсаңыздар. Оқулық және тағы басқа мәселелер ондай маңызды емес. Өнер, әдебиет, спорт, технология бағдарламасын дамытуға талаптар қойылса, онсыз біз ештеңе істей алмаймыз.

**Төраға Қадриша Даирова:** Бірлестік Жарғысын бекіту мәселесін дауысқа саламыз. Қолдайтындарыңыз қол көтеріңіздер. Қарсы, қалыс қалғандар бар ма?

**Дауыс беру нәтижесі:** бірауыздан

**Қабылданған шешім:** Бірлестіктің Жарғысын бекіту мәселесі бірауыздан қабылданып.

**3-мәселе бойынша Төраға Қадриша Даирова:** Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің құрылымын бекіту мәселесін талқылауға шығарамыз. Жарғыда көрсетілген нұсқаға сәйкес, Бірлестіктің Жоғары басқару органы екі жылда бір мәрте шақырылатын Жалпы жиналысы болып табылады. Бірлестіктің Жоғары кеңесі еліміздің әлеуеті мен тұрақты дамуын жүзеге асыру, Қазақстандық қоғамның ғылыми-зерттеулерін дамыту және дәріптеу ісінде күш пен талпынысты біріктіру жолымен табиғат және қоғам, мәдениет туралы аралас ғылымдармен қазақ тіл білімін дамыту мәселелері бойынша бірлестіктің жарғылық қызметін жүзеге асыруға қолдау көрсетуде тұрақты әрекет ететін орган болып табылады. Жоғары кеңестің қызмет тәртібі осы Жарғымен, сондай-ақ Бірлестіктің Жалпы Жиналысы бекітетін Жоғары кеңес туралы ережемен реттеледі. Басқарушы кеңес Бірлестіктің қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асыратын бірлестіктің тұрақты жұмыс істейтін ұжымдық басқару органы болып табылады. Басқарушы кеңес жалпы жиналыстың және Қауымдастықтың Жоғары кеңесінің шешімдерін орындауды ұйымдастырады, олардың алдында есеп береді және өзіне жүктелген міндеттердің орындалуына жауапты. Осы құрылымға дауыс берейік.

**Дауыс беру нәтижесі:** бірауыздан

**Қабылданған шешім:** Бірлестіктің құрылымын ұсынылған үлгіде бекіту мәселесі бірауыздан қабылданып.

**4-мәселе бойынша Төраға Қадриша Даирова:** Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің Жоғары Кеңесін сайлау мәселесі де сіздердің назарларыңызға ұсынылып отыр. Талқылауға салынған ұсыныстар негізінде Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі Қазақстанның жоғары оқу орындарымен тығыз байланыста және қазақ тілі мамандарымен үйлесімді сабақтастықта жұмыс істеу керек. Осыған орай, алдарыңызға Жоғары Кеңеске мүшелікке келісімі алынған жеке тұлғалар тізімі таратылды. Қазір бұл құрам 10 адамнан тұрады, олардың қатарында ұлттық университеттердің ректорлары, өңірлік университеттердің ректорлары, белгілі тіл мамандары бар. Әр тұлғаға жеке-жеке немесе толық тізіммен дауыс беруге болады. Сонымен, Жоғары Кеңес осы ұсынылған тізімде (1-Қосымша) бекітілсін дегендеріңіз қол көтерсеңіздер. Қарсы дауыс беретіндеріңіз бар ма? Қалыс қалғандар?

**Дауыс беру нәтижесі:** бірауыздан

**Қабылданған шешім:** Бірлестіктің Жоғары Кеңесін ұсынылған үлгіде бекіту мәселесі бірауыздан қабылданып.

**5-мәселе бойынша Төраға Қадияша Даирова:** Сіздердің талқылауларыңызға шығарылып отырылған келесі мәселе – Қазақ тілі оқытушылары халықаралық бірлестігінің Президентін сайлау. Ұсыныс ретінде филология ғылымдарының докторы, профессор Оразалиева Эльмира Нұрланқызының кандидатурасын талқылауға саламыз. Дауыс беріп бекіту көзделеді.

**Зейнехан Күзекова,** Назарбаев Университеті, профессор: Э. Н. Оразалиева Назарбаев Университетінде 2014 жылғы қараша айынан бастап жұмыс істеп келеді. Докторлық диссертациясы қазақ тіл біліміндегі когнитивтік лингвистика мәселелеріне арналған. 2012 – 2013 жылдары Халықаралық Болашақ бағдарламасы бойынша Ұлыбританияның Лондон қаласында тағылымдамадан өткен. 80-не аса ғылыми мақалалардың авторы, 4-5 оқу құралын дайындаған, ғылыми монографиясы 2007 жылы жарық көрген. Филология саласы бойынша ғылыми сараптамалық және әдістемелік комиссиялардың құрамында жұмыс істеп келе жатыр. Халықаралық ұйымның Президенті ретінде ұсынуға болады деп есептейміз.

**Төраға Қадияша Даирова,** Назарбаев Университеті, Студенттер ісі және халықаралық ынтымақтастық жөніндегі Вице-президенті: Э. Н. Оразалиеваның кандидатурасын қолдайтындарыңыз дауыс берсеңіздер. Қарсыларыңыз бар ма? Қалыс қалғандар бар ма? Онда Э. Н. Оразалиеваның кандидатурасы бірауыздан қолдау тапты және бекітілді деген қорытынды жасаймыз.

**Дауыс беру нәтижесі:** бірауыздан

**Қабылданған шешім:** Бірлестіктің Президенті ретінде Назарбаев Университеті, Қазақ тілі және түркітану кафедрасының қауымдастырылған профессоры Эльмира Нұрланқызы Оразалиева бірауыздан сайлансын.

**6-мәселе бойынша Төраға Қадияша Даирова:** Бірлестік Назарбаев Университетінің бастамасымен құрылып жатқандықтан, оның мекенжайы Университет негізінде белгіленеді. Назарларыңызға ұсынылатын ақпарат: Бірлестік Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылында, 53 ғимараттың 8-Блогында орналасады.

**Дауыс беру нәтижесі:** бірауыздан

**Қабылданған шешім:** Бірлестіктің мекенжайы бірауыздан қабылдансын.

**7-мәселе бойынша Төраға Қадияша Даирова:** Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің тіркеуінен өткізу мәселесі күн тәртібінің келесі бөлігін құрайды. Бірлестіктің қажет заңды күшін қамтамасыз ету мақсатында осы жиналыс хаттамасы негізінде арнайы құжаттар жинақталып, министрлікке өткізілсін деген мәселе бойынша дауыс берейік. Жауапты ретінде Назарбаев Университеті, Қазақ тілі және түркітану кафедрасының қауымдастырылған профессоры Мейрамгүл Құсайынова тағайындалсын деген бөлікті қоса алғанда, қолдаушылар қол көтерсеңіздер. Қарсы адамдар бар ма? Қалыс қалғандар?

**Дауыс беру нәтижесі:** бірауыздан

**Қабылданған шешім:** Бірлестіктің құжаттары талапқа сай рәсімделіп, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тапсырылсын. Жауапты тұлға ретінде Мейрамгүл Құсайынова белгіленсін.

**Құрылтай жиналысы ҚАУЛЫ етеді:**

1. «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігі құрылсын.
2. «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің Жарғысы бекітілсін.
3. «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің құрылымдық құрамы бекітілсін.
4. «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің Қамқоршылар Кеңесі көрсетілген тізімде (1-Қосымша) бекітілсін.
5. «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» қоғамдық бірлестігінің Президенті ретінде филология ғылымдарының докторы, Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры Э. Н. Оразалиева бекітілсін.
6. «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің мекенжайы келесі үлгіде қабылдансын: Қазақстан, Астана қаласы, Қабанбай батыр даңғылы 53-ғимарат, 8-блок.
7. «Қазақ тілі оқытушыларының халықаралық бірлестігі» Қоғамдық бірлестігінің құжаттары Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне тапсырылсын.

Жиналыс жабық деп жарияланды.

Төраға



Қ. Даирова

Хатшы:



М. Құсайынова



Пропиновано и пронумеровано  
8 листов.



